

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ  
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы  
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ  
22-сәуір, 2022 ж.

**СБОРНИК**

материалов Международной научно-практической конференции  
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ  
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»  
22-апреля, 2022 г.

**COLLECTION**

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th  
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND  
PEDAGOGICAL EDUCATION»  
22-April, 2022 y.

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

**Редакция алқасы:**

**Д.Қамзабек** - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0  
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

etc., which, in turn, has a complex and multi-level character. According to B.F. Lomov, "value orientations, like any psychological system, can be represented as a multidimensional dynamic space, each dimension of which corresponds to a certain type of social relations and has different weights for each individual." The principle of the hierarchy of values, multilevelness, is the most important characteristic of the system of value orientations of the individual.

According to V. Frankl, the subjective "experience of a certain value includes the experience that it is higher than some other." The acceptance of values by a person thus automatically implies the construction of an individual value hierarchy. The rank of a particular value in an individual system, according to N. Hartmann, can be determined both by its abstract "height" and its "strength", which depends on the "burden" that arises when it is not realized.

In the works of modern domestic authors, in particular E.B. Fantalova, S.R. Pantileeva, D.A. Leontiev, also points to the ambiguity of the criteria for individual ranking of values: their preference may be due to ideas about their absolute significance for society and humanity as a whole, or their subjective actual importance, relevance. In this regard, the concept of S.S. Bubnova, who, along with the principle of hierarchy, highlights the principle of non-linearity of the system of value orientations. According to her, "an extremely important property of the system of personal values is its multidimensionality, which consists in the fact that the criterion of their hierarchy - personal significance - includes various substantive aspects due to the influence of different types and forms of social relations."

### References

- 1 Alekseyev V.G. Tsenostnyye oriyentatsii lichnosti i problema ikh formirovaniya. M., 2009.
- 2 Volkov Ye.S. Zavisimost' tsenostnykh oriyentatsiy studentov ot smeny vidov deyatel'nosti. M., 2011.
- 3 Leont'yev D.A. Vnutrenniy mir lichnosti. Psikhologiya lichnosti v trudakh otechestvennykh psikhologov. SPb.: Piter, 2000.
- 4 Rubinshteyn S.L. Problemy obshchey psikhologii. M., 2011.
- 5 Yadov V.A. Sotsial'naya identifikatsiya v krizisnom obshchestve //Sovremennyy zhurnal psikhologii, 2004. № 1. S. 35-52.
- 6 Abul'khanova-Slavskaya K.A., Brushlinskiy A.V. Filosofsko-psikhologicheskaya kontseptsiya S.L. Rubinshteyna: K 100-letiyu so dnya rozhdeniya. M.: Nauka, 1989.
- 7 Bratus' B.S. Anomalii lichnosti. M.: Mysl', 2008.
- 8 Budinayte G.L., Kornilova T.V. Lichnostnyye tsenosti i lichnostnyye predposylki sub'yekta //Voprosy psikhologii, 2003. № 5. S. 99-105.

### ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ РЕСУРСЫ: МҮМКІНДІКТЕРІ

**Қожамұрат Ұ.М.**

Магистрант

Ғылыми жетекші **Айберген А.І.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

[ulbala\\_k99@mail.ru](mailto:ulbala_k99@mail.ru)

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются количественные и качественные изменения, которые в современных условиях непрерывного образования создают новые возможности дистанционного обучения. В статье описываются основные этапы развития дистанционного обучения как одного из ресурсов развития непрерывного образования, преимущества сетевого и цифрового обучения.

**Ключевые слова:** дистанционное обучение, непрерывное образование, цифровое образование, возможности, ресурс.

**Abstract.** This article discusses quantitative and qualitative changes that in modern conditions of continuing education, including the dynamically developing part, create new opportunities for distance learning.

The article describes the main stages of the development of distance learning as one of the resources for the development of continuing education, the opportunities within which the advantages of network and digital learning.

**Keywords:** distance learning, continuing education, digital education, opportunities, resource.

Қазіргі таңда еліміз әлемдік қауымдастықта экономикасы дамып келе жатқан әрі жаңа технологияларды кеңінен қолданатын жас мемлекет болып табылады. Мемлекеттің даму барысындағы білім беру жүйесіндегі өзгерістер жаңа мүмкіндіктерді бағындырудың, білім сапасын арттырудың, үздіксіз білім беру жағдайын орнатудың және оларды жүзеге асырудың негізі болып отыр.

Соңғы жылдары қашықтықтан оқытудың педагогикалық мәселелері кеңінен қарастырылып келеді. Қашықтықтан оқыту – білім беру жүйесіндегі жаңа технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқытудың жаңа әрі арнайы дайындалған формасы. Осыған сәйкес, білім беру жүйесінде аталған оқытуды пайдаланудың тиімді жолдары мен білім алушыларға беретін мүмкіндіктерін де айқындап кеткен жөн.

Алдымен, қашықтықтан оқыту үздіксіз білім берудің даму ресурсы болғандықтан оның қауіптері мен мүмкіндіктерін талдау мақсатында оның тарихына анықтама беру қажет.

Қашықтықтан оқытудың даму тарихы және оның кезеңдері.

Қазіргі таңдағы білім беру жүйесін цифрландыруды өрістетуде бұрын-соңды болмаған мүмкіндіктерді дамыту үздіксіз білім беру жағдайындағы қашықтықтан оқытуға алып келді.

Көптеген тарихшылардың шешіміне сәйкес, қашықтықтан оқытудың бірінші кезеңі ХІХ ғасырдың ортасында Еуропаның бірнеше мемлекеттерінен бастау алды. Осылайша, 1836 жылы Ұлыбританияның Біріккен Корольдігінде Лондон университетінің негізі қаланды. Қабылданған жарлыққа сәйкес басқа қаладағы студенттерге емтихан тапсыруға және қашықтықтан жоғарғы білім алуларына мүмкіндік берілді.

Аталған университет жүйесі танымал әрі икемділігіне байланысты өзге де оқу орталықтарында пошта қызметі арқылы білім беру жүзеге асырылды. 1850 жылы Германияда Густав Лангеншайд тіл үйренгісі келетіндерге арнап «оқу хаттарын» басып шығарды.

Қашықтықтан оқытудың негізін қалаушы Исак Питман 1840 жылдан бастап Ұлыбритания Біріккен Корольдігінің студенттерін оқыта бастады. Ол оқытуды поштамен хат жіберу арқылы жүзеге асырып отырды.

Оқытудың екінші кезеңінде, қағаз басылымдардағы оқу құралдарына қосымша радио және телеарналар арқылы сабақтар аудио және бейнежазбалармен толықтырылды. Бұл қысқа мерзімді білім алуға жүйеленді.

Үшінші кезеңі компьютерлік және ақпараттық-цифрлық технологиялардың белсенді дамуымен байланысты. Аталған жаңа технологиялардың негізінде қашықтықтан оқытуды электронды пошта арқылы ұйымдастыру мүмкіндігі туды. Қашықтықтан оқытудың осы кезеңін e-learning электронды оқыту деп те атай бастады. Ғаламтордың желілік ресурстары арқылы оқытуда мұғалім-оқушы арасындағы екіжақты байланысты орната алды.

Қашықтықтан оқытудың келесі төртінші кезеңінің басталуы «жаппай ашық онлайн курстарының» оқыту технологиясының әзірленуімен және оны іске асырылуымен байланысты болды [1].

Осылайша, қашықтықтан оқытудың қарқынды өсуі қазіргі кездегі әлемнің экономикасы дамыған және дамушы елдерінде қозғаушы күш ретінде басым екеніндігін атап өткен жөн. Біздің елімізде қашықтықтан білім беру жүйесі қарқынды дамып келе жатқандығын байқасақ, ал Еуропа елдерінде әлдеқайда ерте дамығандығын байқаймыз.

Қашықтықтан оқытуда үздіксіз білім беру принциптерін нәтижелі іске асыруда компьютерлік және ақпаратты-цифрлық технологияларды ұтымды пайдалану оқыту жүйесінің аясында жұмыс жасаудың тиімділігі болып табылады.

Жоғарыда аталып өткендей, қашықтықтан оқытудың тиімді жақтарын дәстүрлі оқытудан айырмашылығы ретінде қарастыра келе төмендегідей сипаттама бере аламыз:

- Икемділігі. Ыңғайлы уақыт пен орында білім алу мүмкіндігі. Бұл кезде пәнді игеру үшін уақыт белгіленбейді;
- Бір уақытта барлық білім алушылардың ақпараттандырылған байланыс тізбегі (электронды кітапханалар, білім базалары) арқылы бір-бірімен және оқытушыларымен байланыс орнатуы;
- Техникалық базаларды пайдаланудағы үнемділік;
- Әлеуметтік жағдайына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына қарамастан, білім алу мүмкіндігінің тең болуы [2].

Қашықтықтан оқытудың үздіксіз білім беру жағдайында тәуекел тұстары:

Қашықтықтан оқытудың жаһандық ғаламтор желісі арқылы оқытудың көптеген тиімді тұстарынан бөлек, әдетте келесідей артықшылықтары қарастырылады.

- Күндізгі курстарға бару мақсатындағы шығындардың үнемделуі. Экономикалық пайданың жүзеге асырылуы;
- Білім беру ресурстарына қол жеткізе отырып, студенттер мен оқытушылардың уақытын үнемдеу;
- Жаһандық желі арқылы білім алушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін барынша бейімдеу арқылы кез келген жерде және уақытта оқыту мүмкіндігі;
- Білім алушылардың өзіндік жұмыс және білім алу дағдыларын дамыту;
- Интерактивті оқу үрдісінде кәсіби, білікті мамандар арқылы білім алу мүмкіндігі.

Аталған мүмкіндіктерді ескере келе, үздіксіз білім беру жағдайында компьютерлік және ақпараттық-цифрлық технологияларды ұтымды пайдалану арқылы қашықтықтан оқытудың дәстүрлі оқытудан айырмашылығын әрі тәуекел тұстарының басым бағыттарын жүйелей алдық.

Қазақстандағы қашықтықтан оқыту жөнінде қарастырылатын мәселелерді В.В.Егоров және С.Б.Нұрмағанбетов өз еңбектерінде қашықтықтан оқытудың негізгі 6 модельдерін атап көрсеткен:

1-модель. Экстернат типі бойынша оқыту. Қандай да бір себептермен келе алмаған білім алушы үшін ұсынылатын мектептің немесе ЖОО емтихан талаптарына бағытталған оқыту.

2-модель. Университеттік оқыту. Күндізгі және сырттай бөлімде білім алушылар үшін жаңа ақпараттық технологиялар негізінде қашықтықтан оқыту. Білім алушыларға дайын ақпарат көздерімен қатар, университет оқытушыларының өңдеген аудио және бейнежазбалары, CD дискілері ұсынылады.

3-модель. Көптеген оқыту мекемелерімен ынтымақтастыққа негізделген оқыту. Аталған жоба мақсаты – әрбір азаматқа колледжде, ЖОО-да өз елінен кетпей білім алуға мүмкіндік туғызу.

4-модель. Арнайы білім беру мекемелерінде оқыту. Сырттай және қашықтықтан оқыту мақсатына сай негізделген мультимедиялық курстарды өңдеуге бағытталған. Олардың құрамына білімді бағалау және оқушыларды аттестациялау енеді.

5-модель. Автономды оқыту жүйесі. Аталған оқыту жүйесінде радио бағдарламалар, теледидар, CD дискілер және қосымша баспа құралдары негізінде жүргізіледі.

6-модель. Мультимедиалық бағдарламалар негізінде аралас оқыту. Бұл оқыту қандай да бір себептермен мектепті аяқтай алмаған адамдарды оқытуға бағытталған [2].

Қашықтықтан оқыту жүйесін ұйымдастыру үрдісінің белсенділігін қамтамасыз ететін мәселелерін, мақсаттарын іске асыра отырып, бұл білім алушылардың өз еркімен жұмыс істеу уақытының көлемінің артуына әрі оқытушының оқу үрдісін қолдауына мүмкіндік береді. Білім беруші әрі оқытушы тарапына талаптар күшейе түседі, ақпараттық-байланыс технологияларын қолдану оқыту үрдісін жүзеге асыру әдістемесін жетілдіреді [3].

Қарастырылып отырған қашықтықтан оқытудың 6 модельдерінің негізінде оқытудың ұйымдастырудағы мақсаты мен міндеті білім алушылардың аталған мүмкіндіктерді пайдалану оқыту үрдісін жүзеге асырудың басты мәселесі болып табылады.

Қорытындылай келе, қашықтықтан оқытудың үздіксіз білім беру жағдайындағы жүйе екенін айта келе, оқытудың даму тарихы мен кезеңдеріне сипаттамалар берілді. Сонымен қоса, ақпараттық-цифрлық технологиялардың қолданысындағы мүмкіндіктер қарастырылды.

Қазақстанда бүгінгі күні білім беру саласында жаңашыл формасын қалыптастырған қашықтықтан оқыту жалпы алғанда жаһандық мәселелердің көптеген шешімін табуға негіз болып отыр. Оқытудың үздіксіз білім беру жағдайындаға тәуекел тұстары мен модельдері оның дәстүрлі оқытудан айырмашылығының бір көрінісі.

### Әдебиеттер

1. Маслакова, Е.С. История развития дистанционного обучения в России [электронды нұсқаулық].
2. Егоров В.В., Нурмаганбетов С.Б. Технология дистанционного обучения. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2002. — 194 с.
3. Егоров В.В., Жилбаев Ж.О. Проблемы дистанционного обучения в условиях непрерывного образования // Педагогические проблемы информационно-технологической подготовки специалистов высшей школы: Сб. науч. тр. — Караганды: Изд-во КарГУ, 2004. — С. 3–7.

### PROFESSIONAL MOBILITY AS A CONDITION FOR THE COMPETITIVENESS OF TEACHERS

#### **Kulsharipova Z.K.**

Candidate of Pedagogical Sciences, associate Professor of the higher school of pedagogy, Pavlodar pedagogical University, Pavlodar, ORCID: 0000-0001-6170-099X 1 0000-0001-6170-099X

(E-mail: [kulsharipovazk@mail.ru](mailto:kulsharipovazk@mail.ru))

#### **Smykov A. S.**

doctoral student of Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan, e-mail: [kastro.a@mail.ru](mailto:kastro.a@mail.ru)

#### **Zhylkaidarova S. B.**

Master's degree, teacher of the Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, (E-mail: [zhylkaidarova.sara@mail.ru](mailto:zhylkaidarova.sara@mail.ru))

#### **Kenzhebayeva Zh. T.**

Master's degree, teacher of the Higher School of Pedagogy, Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, (E-mail: [zhumagul\\_1981@mail.ru](mailto:zhumagul_1981@mail.ru))

**Аннотация.** Мақалада педагогикалық университетте оқу процесінде студенттердің кәсіби ұтқырлығын дамытудың әдіснамалық негіздері мен принциптері қарастырылады. Олар жеке тұлғаның мамандық, еңбек нарығы талаптарына тиімді бейімделуге және кәсіби белсенділіктің өсуіне дайындығын анықтайды. Болашақ мамандарды кәсіби қызметке кешенді даярлау жүйесінің жұмыс істеуі жағдайында жоғары педагогикалық мектепте кәсіби